

**Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті беру ережесін, шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысанын (үлгісін) бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 26 қарашадағы N 710 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5018 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 7-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті беру ережесі;

2) шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысаны (үлгісі) бекітілсін.

2. Егіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*К е л і с і л д і*

*Қазақстан Республикасы*

*Индустрия және сауда министрлігінің*

*Техникалық реттеу және метрология*

*комитеті төрағасының м.а.*

*2007 жылғы 30 қараша*

Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрінің

2007 жылғы 26 қарашадағы  
N 710 бұйрығымен  
бекітілген

## **Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу туралы шарт - шитті мақта иесі мен шитті мақтаның сапасын сараптау жөніндегі зертхана (орталық) арасында жасалатын шарт (бұдан әрі - шарт), оның негізінде шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізіледі;

2) шитті мақта иесі - меншік құқығында шитті мақта бар жеке немесе заңды тұлға;

3) сынау - белгіленген рәсімге сәйкес шитті мақтаның бір немесе бірнеше сипаттамаларын анықтаудан тұратын техникалық операция;

4) шитті мақтаның сапасын сараптау жөніндегі зертхана (орталық) - шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру құқығына белгіленген тәртіппен тіркелген шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі сынау зертханасы (орталығы) (бұдан әрі - зертхана (орталық));

5) шитті мақта партиясы - сапасы туралы бір жолдамалық құжатпен ресімделген бір селекциялық және өндірістік сортағы, түрдегі және сыныптағы шитті мақтаның саны;

6) шитті мақтаның сапасы туралы куәлік - шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін куәландыратын құжат;

7) шитті мақтаның сапасын сараптау - сынама таңдап алу мен сынауды, шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті ресімдеуді қамтитын, шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін белгілеуге және растауға бағытталған шаралар кешені.

3. Шитті мақтаның сапасын сараптауды оның сапасын анықтау құқығына белгіленген тәртіппен тіркелген зертханалар (орталықтар) жүргізеді.

4. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік бір мекен-жайға, көлік құралының бір түрімен тиеп жөнелтілетін немесе бір уақытта сақтауға арналған шитті мақтаның әрбір біртекті партиясына беріледі.

## **2. Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу тәртібі**

5. Шитті мақтаның сапасын сараптауға:

1) сынамалар іріктеу;

2) сынақтар өткізу;

3) шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті ресімдеу енеді.

6. Шитті мақтаның сапасын сараптау зертхана мен (орталық пен) шитті мақта иесі арасында жасалған шарт негізінде жүргізіледі. Сапа көрсеткіштерінің тізбесі нормативтік құжаттарға және (немесе) оларды белгілейтін басқа көздерге сілтеме жасай отырып, шитті мақта иесімен жасалатын шартқа енгізіледі.

7. Сынамаларды іріктеу шитті мақта иесінің қатысуымен жүргізіледі. Сынамалар іріктеу және сынақтар өткізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын (немесе) қолдануға рұқсат етілген нормативтік құжаттар, әдістемелер, басқа да құжаттар пайдаланылады.

Осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы актімен сынамалар іріктеу ресімделеді. Сынамалар осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы шитті мақта сынамаларын тіркеу журналына тіркеледі.

8. Шитті мақтаның сапасын сараптау нәтижелері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысандағы журналға енгізіледі.

9. Жоғарыда көрсетілген журналдар бауланған, нөмірленген және зертхана (орталық) басшысының қолымен бекітілген болуы тиіс.

10. Сынақтан өткен, целлофан қалтамен қапталған және шитті мақта иесі өкілінің қатысуымен зертхана (орталық) маманы мөрлеген шитті мақта сынамасы зертханада (орталықта) 24 сағаттан аспайтын уақытта сақталуы тиіс. Қапталған сынамаларды одан әрі сақтауы шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің күшінің мерзімі ішінде шитті мақта иесімен жүзеге асырылады және арбитражды сынама ретінде мақта өңдеу ұйымдарымен түсініспеушіліктер болған жағдайда пайдалануы тиіс.

## **3. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібі**

11. Сараптама нәтижелері бойынша мақта саласын дамыту жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысандағы шитті мақтаның сапасы туралы куәлік ресімделеді және шитті мақта иесіне беріледі. Куәліктің түпнұсқасы

сынамаларды іріктеу сәттен 24 сағат аспайтын мерзімде шитті мақта иесіне беріледі, ал көшірмесі зертханада (орталықта) қалады және бір жыл бойы сақталады.

12. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік өнім сынамаларының бақылауы шитті мақтаның сапасын сараптау зертханасында (орталығында) өткен партиясына таралады.

Шитті мақта иесімен мақта қолхатын алған сәтіне дейін куәліктің күшінің мерзімі бар.

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру ережесіне

1-қосымша

200\_\_ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

**N\_\_\_\_\_ сынамалар таңдап алу акті**

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу туралы шитті мақта иесі мен мақта өңдеу ұйымы арасындағы 200\_\_ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_ шарт негізінде мен, \_\_\_\_\_ маманы

(зертхананың атауы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ қатысуымен

(шитті мақта иесі өкілінің лауазымы, Т.А.Ә.)

қолданыстағы \_\_\_\_\_ стандартқа сәйкес \_\_\_\_\_

(стандарттың N)

(МҚП немесе МӨҰ атауы)

тұрған шитті мақтаның сынамаларын алдым.

N\_\_\_\_\_ шитті мақта партиясы Партияның салмағы \_\_\_\_\_ тонна

Таңдап алынған сынамалар саны \_\_\_\_\_

Таңдап алынған сынамалар салмағы, кг \_\_\_\_\_

Сынамалар таңдап алынған күн мен уақыты:

200\_\_ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_ мин.

Зертхана маманы: \_\_\_\_\_

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Шитті мақта иесі: \_\_\_\_\_

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру ережесіне

2-қосымша

### Шитті мақта сынамаларын тіркеу журналы

			Сынамалар таңдап	Сынамалар таңдап алу		Сынаманы қабылдаған

Рет N	Күн, ай, жыл	Шитті мақта иесі	алынған орын	актінің және күні	Партияның N және салмағы	маманның Т.А.Ә. және қолы
1	2	3	4	5	6	7

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу  
және шитті мақтаның сапасы туралы  
куәлік беру ережесіне

3-қосымша

**Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру журналы**

Рет N п	Шитті мақта иесінің Т.А.Ә.	Партияның N және салмағы	Күн, ай, жыл	Сапа көрсеткіштері	
				өнеркәсіптік сорты	сыныбы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

арамшөпті қоспалардың салмақ үлесі, %	ылғалдың салмақ үлесі, %	Сынаулар жүргізген маманның Т.А.Ә. және қолы	Шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің N	Өтінім берушінің куәлік алғаны туралы қолы
7	8	9	10	11

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің  
2007 жылғы 26 қарашадағы  
N 710 бұйрығымен

бекітілген

(шитті мақтаның сапасын сараптау жөніндегі зертхананың атауы)

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_ 200\_\_ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Телефон/факс: \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ тіркеу аттестаты

N \_\_\_\_\_

**шитті мақтаның сапасы туралы**

**КУӘЛІК**

200\_\_ж."\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ сынамаларды іріктеу актімен  
қоса сараптамаға берілген шитті мақтаның сынамасына

\_\_\_\_\_ берілді.

шитті мақта иесі және тұрған жері \_\_\_\_\_

Шитті мақтаның сорты \_\_\_\_\_ Егін жылы 200\_\_ж.

N\_\_\_\_\_ партия Шитті мақтаның шығу тегі \_\_\_\_\_

Жинау түрі \_\_\_\_\_

Шитті мақтаны жинаған күн 200\_\_ж."\_\_\_\_\_"\_\_\_\_\_

Шитті мақтаның қажеттілігі \_\_\_\_\_

### ІРІКТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Рет N	Көрсеткіштер атауы	Н а қ т ы көрсеткіш-тер
1	2	3
1	Өнеркәсіптік сорты	
2	Сыныбы	
3	Арамшөпті қоспалардың салмақ үлесі, %	
4	Ылғалдың салмақ үлесі, %	

Жүргізілген күні 200\_\_ж. "\_\_\_\_\_"\_\_\_\_\_

Зертхана меңгерушісі: \_\_\_\_\_

қолы Т.А.Ә.

М.О.